

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 25 желтоқсан N 1366

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Отель Астана" қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 923 қаулысына :

мәтіндегі "Қазақстанның Даму Банкі" деген сөздер "Қазақстан Эксимбанкі" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) "Айт-Отель" қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 тамыздағы N 927 қаулысына :

мәтіндегі "Қазақстанның Даму Банкі", "Қазақстанның Даму Банкіне" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Эксимбанкі", "Қазақстан Эксимбанкіне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің департаменті тартқан мемлекет кепілдік берген заемдарға қызмет көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 969 қ а у л ы с ы н а :

мәтіндегі "Қазақстанның Даму Банкі" деген сөздер "Қазақстан Эксимбанкі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қазандағы N 1294 қаулысы ;

2) "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының қызметін онтайландырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі N 460 қаулысы .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК